



Сурет 1 Алматы облысы мал шаруашылығын таралу картасы

Біздің елімізде жер реформасы мен аграрлық қайта құруларды жүргізу нәтижесінде тұтастай алғанда ауылдық жерлерде көп салалы экономика іс жүзінде қалыптасты, соның салдарынан ауыл шаруашылығының нарықтық инфрақұрылымын, ауыл шаруашылығы алқаптары құрылымының өзгеру серпінін карталарда көрсету қажеттілігі туындап отыр. Сол себепті заманауи бағдарламаларды пайдалана отырып қажетті деңгейде кез-келген шаруашылық аясын бақылап, бағалап отыру мүмкін. Ол үшін заманауи құралдар мен технологияларды пайдаланып оны қолдану аясын және әдістемесін білген жеткілікті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Прохорова Е.А. Социально-экономические карты: учебное пособие, электронное издание сетевого распространения. – М.: «КДУ», «Добросвет», 2018.
2. Евтеев, О. А. Проектирование и составление социально-экономических карт /М. : Изд-во МГУ, 1999. 224 с.
3. Атоян Л.В. Проектирование и составление карт. Курс лекций. - Минск, БГУ, 2005. - 41 с.

ӘОЖ 339.9 (574.21) : (470)

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ МЕН РЕСЕЙДІҢ ШЕКАРАЛАС АУМАҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Сансызбаева Айгерим Баккелдиевна

sansyzbayeva.ab@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 6D060900 – География мамандығының 2-курс докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.А.Саипов

Қазіргі таңда еліміз көршілес Ресей мемлекетімен экономикалық интеграциялық байланысын жыл өткен сайын күшейтуде. Қазақстан Республикасының шекаралас Ресей Федерациясымен интеграция және сауда-экономикасында маңызды рөл атқарады. Қостанай облысының Ресей Федерациясының шекаралас аумақтарымен интеграциялық байланыстары сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық ынтымақтастық туралы келісімдер негізінде дамуда.

Қазақстанмен шекаралас сыртқы экономикалық интеграциялық байланыстың ең белсенді қатысушыларына Ресейдің Челябин, Орынбор, Түмен, Омбы облыстары саналады.

Сондай-ақ Солтүстік Қазақстан өңірінің индустриалды-аграрлы аймағы саналатын Қостанай облысының көршілес Ресейдің шекаралас аумағымен экономикалық интеграциялық байланысы аталған облыстармен қарқынды дамуда.

Агроөнеркәсіп кешені - аймақ экономикасының негізгі салаларының біріне жатады. Оның үлесіне елде өндірілген астықтың төрттен бір бөлігі келеді. Қостанай облысы мемлекеттік қолдаудың арқасында ауылшаруашылық өндірісінде көптеген табыстарға қол жеткізіп келеді. Сыртқы экономикалық байланыстарының географиясы облысты әлемнің көптеген мемлекеттерімен байланыстырады. Шикізат экспортының жартысына жуығы ТМД елдеріне, оның ішінде Ресейге жіберіледі. Қостанай облысының негізгі өнімдеріне темір кені, алюминий кені, асбест, астық, ұн, кондитерлік өнімдер және көлік құралдары т.б. жатады.

Қостанай облысы Ресей Федерациясының Орынбор, Челябин, Қорған облыстарымен, шығысында және оңтүстік шығысында Қазақстанның Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстарымен, оңтүстік батысында Ақтөбе облыстарымен шектеседі. Облыс шекараларының Ресей Федерациясымен ұзындығы 1250 км).

Облыстың тиімді көліктік-географиялық жағдайы бар, көршілес Ресейдің индустриялық дамыған өңірлерімен (Орал, Батыс Сібір) және Қазақстанның облыстарымен байланыстыратын Республикалық маңызы бар темір жол магистральдары мен автокөлік жолдары өтеді. Қостанай облысының Ресейдің жоғары дамыған аудандарына жақын орналасуы сыртқы экономикалық байланыстарды дамытуда және оның шаруашылығын мамандандыруды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады [1]. Көлік желісі облыстың өнеркәсіп орталықтарын Қазақстан мен Ресейдің көптеген өңірлерімен байланыстырады, қажетті бұйымдарды жеткізуді, дайын өнімдерді шығаруды қамтамасыз етеді. РФ үлесіне Қостанай облысының жалпы сыртқы сауда тауар айналымының 70% - дан астамы келеді.

Ресей нарығында тау-кен өнеркәсібі мен машина жасау кәсіпорындары табысты жұмыс істейді: "ССКӨБ" АҚ, "Агротехмаш" ЖШС, "Дормаш" ЖШС, "Титан" ЖШС, "АгромашХолдинг" АҚ және т. б.

Қазақстандағы тау - кен өндіру саласының ірі кәсіпорны – Қостанайдағы "ССКӨБ" АҚ. Аталған кәсіпорынның негізгі тұтынушыларына "Магнитогорск" металлургиялық комбинаты, "Миттал Стил Теміртау" АҚ, "Метчел" Челябин металлургиялық зауыты, Нижнетагиль, Орск-Халиловский және Қытайға (Үрімшіге) жеткізіледі. Облыстың негізгі экономикалық интеграциясы осы аталған өнеркәсіптік кәсіпорындармен тығыз байланысты. Соколов-Сарыбай кен өндіру бірлестігіндегі тауарлық кенінің бағасы Ресейдің Оралдағы ұқсас кәсіпорындарынан әлдеқайда арзан. Сондықтан Оңтүстік Орал металлургиялық зауыттарына Қостанай облысындағы шикізатты сатып алған тиімдірек.

Шикізатқа, атап айтқанда, темір кендерге тапшылық көріп отырған Ресейдің индустриялық дамыған облыстарының жақындығы Қостанай облысының темір кен орындарын қарқынды игеруге ықпал етіп келеді. Республикада өндірілетін барлық темір рудасының 89% - ға жуығы және темір кенді шекемтастар, асбест және бокситтер өндірісінің бүкіл республикалық көлемі Қостанай облысына тиесілі. Қазіргі уақытта темір кендерін өндіру Қашар, Лисаковск, Қоржынкөл және Аят кен орындарында да өндіріледі. Темір кені кәсіпорындары жоғары экономикалық тиімділікпен сипатталады.

Қостанай облысынан шекаралас Ресейге темір кен өнімдері, астық және ұн экспорттаса, Ресейден техникалық жабдықтар, көлік құралдары, қара металдар және олардан жасалған бұйымдар, мұнай өнімдері, халық тұтынатын тауарлар импортталады. Шекара маңындағы облыстардың ішінде Челябин облысымен белсенді сыртқы сауда байланысы қалыптасқан, оның үлесіне шекара маңындағы сауда айналымының жалпы көлемінің 90% - нан астамы келеді.

Қостанай облысы өнеркәсібінің құрылымы келесі салалармен ұсынылған: тау-кен өндіру, энергетика және өңдеуші өнеркәсіп салалары-машина жасау және металл өңдеу, химия, құрылыс материалдары өнеркәсібі, жеңіл және тамақ өнеркәсібі.

Сондай-ақ, Соколов-Сарыбай тау-кен өндірістік бірлестігі мен Челябиннің Магнитогорск металлургия комбинаты арасындағы темір кені өнімдерін жеткізу бойынша

көп жылдық тығыз ынтымақтастықты атап өтуге болады. "ССКӨБ" АҚ - тек кен өндіру және қайта өңдеу кәсіпорны ғана емес, металлургиялық кәсіпорынға айналуға дайын. Мұнда жылына 75 мың тоннаға дейін ұсақ дайындамалар, құрылыс арматуралары және т.б. шығарады. Мәселен, Челябині облысындағы «Магнитогор металлургия комбинаты» ААҚ (ММК) арасындағы темір кені өнімдерін жеткізу бойынша 2020 жылдың соңына дейін жеткізу туралы келісім бар [2].

Қостанай облысындағы шикізат экспортының жартысына жуығы ТМД елдеріне, оның ішінде көршілес Ресейге жіберіледі. Атап айтсақ, Қостанай облысынан Ресей Федерациясына темір кен өнімдері, астық және ұн жіберіледі. Қазақстан темір рудасының қоры бойынша әлемде 8-ші орынды алады (әлемдік қордың шамамен 6%). Қазақстан темір кендерінің артықшылығы оның жоғары сапасында болып табылады. Астық кондитерлік өнімдер, сүт өнімдері Мәскеуден Алтайға дейін кең таралуда [3].

Әлемде өнеркәсіптің ең маңызды, перспективалы тез дамып келе жатқан салаларының бірі болып саналатын – тамақ өнеркәсібінің көптеген кіші салаларын дамыту үшін Қазақстанның Солтүстік экономикалық ауданы, атап айтқанда Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары үлкен әлеуетке ие. Аталған өңірлер өз өнімдерінің басты тұтынушысы саналатын, шекаралас Ресейдің Челябині, Орынбор, Қорған, Омбы облыстарына жеткізіп отырады.

Қостанай облысына экспорт құрылымында Орынбор облысы бойынша машина жасау кешенінің, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің, құрылыс материалдары өндірісінің (цемент) өнімдері басым. Импорт азық-түлік өнеркәсібі және машина жасау өнімдерімен ұсынылған [4]. Облыс аумағында "Иволга Холдинг" ЖШС Қазақстандық агроөнеркәсіптік кәсіпорнының еншілес Ресейдің "Орынбор-Иволга" компаниясы белсенді жұмыс істеуде. Компания қызметінің негізгі бағыты астық дақылдарын өсіру. Бүгінгі күні "Орынбор-Иволга" 370 мың гектар егістікті өңдейді, бұл Орынбор облысының барлық ауыл шаруашылық алқаптарының 4,7% құрайды.

Ауыл шаруашылығы саласында "Қорған семена" ғылыми-өндірістік Агрохолдинг Қостанай облысының тұқым шаруашылығы жүйесін әзірлеп, жетілдіруде. Агрохолдинг ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары сапалы тұқымдарын жеткізу бойынша Қостанай облысы өндірушілерімен белсенді ынтымақтастық орнатуда.

Кесте 1 – Қостанай облысының шекаралас Ресей Федерациясымен сыртқы сауда айналымы

Көрсеткіштер	2016	2017	2018	2019	мың АҚШ доллары
					2019ж. 2016ж. %
Сыртқы сауда айналымы	348,7	551,8	532,3	766,9	
оның ішінде:					
Экспорт	96,6	97,7	97,5	96,4	0,9
Импорт	90,4	93,7	93,2	92,4	1,0

Ескерту - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша құрастырылды [5].

Қостанай облысының ЕАЭО елдерімен өзара сауда айналымы 1592,4 млн. АҚШ долларын құрады. Соның ішінде экспорт – 766,9 млн.АҚШ доллары, импорт – 825,5

млн.АҚШ долларын құраған. Облыстың шекаралас Ресейдің өңірлері арасындағы өзара сауда-саттық айналымын салыстыратын болсақ, 2016 жылдан 2019 жылға дейінгі аралықта 0,9 есеге артқандығын байқауға болады.

Кесте 2 - Трансшекаралық белдеудің байланыс аймағы

Шекаралас аумақтар	Ауданы мың км²
Қостанай облысы (ҚР)	
Ұзынкөл	7,1
Федоров	7,2
Қарабалық	6,9
Денисов	6,8
Жітіқара	7,3
Бейімбет Майлин	7,6
<i>Барлығы, % - бен</i>	<i>42,9</i>
Челябі облысы (РФ)	
Троицк қ.	0,1
Қарталы	4,7
Бредин	5,0
Троицкий	3,9
Варнен	3,8
Октябрь	4,3
Чесмен	2,7
<i>Барлығы, % - бен</i>	<i>24,5</i>
Қорған ауданы (РФ)	
Целинный	3,4
Звериноголов	1,4
Притобольный	2,3
Половин	2,7
<i>Барлығы, % - бен</i>	<i>9,8</i>
Орынбор ауданы (РФ)	

Кваркен	5,2
Адамов	6,2
Светлин	5,6
<i>Барлығы, % - бен</i>	<i>17</i>

Ескерту - автор құрастырған

Жоғарыда берілген Қостанай мен Ресейдің шекаралас облыстары арасындағы көрсеткіштерде:

1. Ресей Федерациясы және Қостанай өңірлерінің мемлекеттік шекарасына қатынасы бар екі елдің шекаралас облыстары берілген.
2. Шекара маңындағы аймаққа мемлекеттік шекараға тікелей шығатын өңірлердің барлық муниципалдық құрылымдары қосылады.
3. Шекара маңындағы өңірлердің барлық муниципалдық аудандары шекара маңы байланысының ерекше аймағына біріктірілген, өйткені ол транзиттік функциялардың орындалуын және экономикалық интеграциялық байланысты қамтамасыз етеді (1-кесте).

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Искакова К.А. География Костанайской области: Учебное пособие - Алматы, 2003.- С.4.
2. Магнитка плюс ССПО: сотрудничество продолжается <http://87.76.32.30/index.php?newsid=5357> (дата обращения: 02.01.2020)
3. Костанайская область наращивает товарооборот с Россией <https://newtimes.kz/eshche/regiony/6379-kostanajskaya-oblast-narashchivaet-tovarooborot-s-rossiej> (дата обращения: 02.01.2020)
4. Портал Правительства Оренбургской области <http://www.orenburg-gov.ru/Info/ForeignComm/Borders/> (дата обращения: 02.01.2020)
5. Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан <http://stat.gov.kz>

ӘОЖ 504.4

ҚАУІПТІ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

Сәлім Аружан Сәлімқызы, Сайлау Макпал Ерболқызы

inabat-16@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жаратылыстану ғылымдары факультетінің студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Е.Құрманғазы

Қауіпті гидрологиялық құбылыстар – Бұл түрлі табиғи факторлардың әсерінен болатын оқиғалар. Олар адамдар мен жануарлардың өмірі үшін өте қауіпті, қолдан жасалған объектілер қоршаған ортаға кері әсер етеді. Жер планетасында мұндай құбылыстар аз емес. Бұл мақалада сіздерді олардың көпшілігімен таныстырып өтейік. Негізгі қауіпті гидрологиялық құбылыстар қандай атқа ие және олар қоршаған табиғат пен адамдарға қандай зиян келтіреді?

Өзендерде болатын қауіпті гидрологиялық құбылыстар- Су тасқыны –ұзаққа жалғасқан нөсер мен қарқынды қар еруі нәтижесінде пайда болатын өзен суының арнасынан асыпөзен жағалаулармен қайраңының едәуір аумағын су басады. Бұл өзен арнаның өткізу қабілетіне, өзендегі судың көп болуына байланысты болады. Құбылыс уақытша болғанымен, бірақ адамға зиян келтіруі әбден мүмкін. - Бұл қауіпті гидрологиялық құбылыстар әртүрлі